

**"Ақтөбе облысының (қаласының, ауданының) Құрметті азаматы" атағын берудің Қағидаларын бекіту туралы" облыстық мәслихаттың 2009 жылғы 21 желтоқсандағы № 262 шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

Ақтөбе облыстық мәслихатының 2017 жылғы 3 наурыздағы № 120 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 29 наурызда № 5363 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 1-тармағының 12-2) тармақшасына сәйкес Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. "Ақтөбе облысының (қаласының, ауданының) Құрметті азаматы" атағын берудің Қағидаларын бекіту туралы" облыстық мәслихаттың 2009 жылғы 21 желтоқсандағы № 262 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3308 тіркелген, 2010 жылғы 19 қаңтарда "Ақтөбе" және "Актюбинский вестник" газеттерінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

Қағидалардың 11-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Атақ жыл сайын облыс (қала, аудан) әкімінің ұсынысы бойынша тиісті мәслихатпен беріледі, алайда, облыс бойынша - бес, қала бойынша - үш және аудан бойынша - екі азаматтан аспауы керек."

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыстық мәслихаттың  
сессия төрағасы*

*А. САДЫҚОВ*

*Облыстық мәслихаттың хатшысы*

*С. ҚАЛДЫҒҰЛОВА*